

# Мы всегда готовы помочь!

Зарегистрируйте свое устройство и получите поддержку на  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

DVP3680K





|                          |    |
|--------------------------|----|
| Руководство пользователя | 7  |
| Посібник користувача     | 25 |

|                      |    |
|----------------------|----|
| Қолданушының нұсқасы | 43 |
|----------------------|----|



# PHILIPS




- RU** Перед подключением данного DVD-проигрывателя внимательно ознакомьтесь со всеми прилагаемыми инструкциями.
- UK** Перед тим як під'єднувати DVD-програвач, прочитайте та візьміть до уваги всі інструкції, що постачаються із ним.
- KK** Осы DVD ойнатқышын қосу алдында онымен бірге келген бүкіл нұсқауларды оқып, түсініңіз.



1







## HDMI OUT




## Pr PbY + AUDIO OUT




## VIDEO OUT + AUDIO OUT




# 3



# 4



# 5





2




DVD  
 VCD  
 CD

1




3

4





1



2

3

4



# Мазмұндар кестесі

|                                                           |     |
|-----------------------------------------------------------|-----|
| <b>1 Қосу және ойнату</b>                                 | 2-6 |
| <b>2 DVD ойнатқышын пайдалану</b>                         | 44  |
| Негізгі ойнатуды басқару                                  | 44  |
| Бейне опциялары                                           | 45  |
| Музыкалық слайдшоуды ойнату                               | 45  |
| Қайталап ойнату                                           | 45  |
| Өткізіп жіберіп ойнату                                    | 46  |
| DivX бейнелері                                            | 46  |
| Ықшам дискіден USB құрылғысына<br>дыбыстық файлдарды жазу | 47  |
| Караоке                                                   | 47  |
| Philips EasyLink режимін пайдалану                        | 48  |
| <b>3 Параметрлерді өзгерту</b>                            | 48  |
| Жалпы (ұйқы, күту...)                                     | 48  |
| Сурет                                                     | 49  |
| Дыбыс                                                     | 49  |
| Параметрлер (тілдер, ата-ана<br>бақылауы...)              | 50  |
| <b>4 Бағдарламалық құралды жаңарту</b>                    | 51  |
| <b>5 Ерекшеліктер</b>                                     | 51  |
| <b>6 Ақаулықтарды жою</b>                                 | 52  |
| <b>7 Қауіпсіздік және маңызды<br/>хабарлама</b>           | 54  |

## 2 DVD ойнатқышын пайдалану

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) торабында тіркеңіз.

### Негізгі ойнатуды басқару



Ойнату кезінде ойнатқышты басқару үшін келесі түймелерді басыңыз.

| Түйме            | Әрекет                                                                                                           |
|------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                  | Ойнатқышты қосу немесе күту режиміне ауысу.                                                                      |
|                  | Диск бөлімін ашу немесе жабу.                                                                                    |
|                  | Бастапқы мәзірге кіру.                                                                                           |
| <b>DISC MENU</b> | Диск мәзірін ашу немесе жабу.                                                                                    |
| <b>OPTIONS</b>   | Бейнені ойнату кезінде қосымша опцияларға қол жеткізу.                                                           |
|                  | Мәзірлерді шарлау.<br>Баяу алға немесе артқа айналдыру.<br>Іздеу жылдамдығын өзгерту үшін қайта-қайта басыңыз.   |
|                  | Мәзірлерді шарлау.<br>Жылдам алға немесе артқа айналдыру.<br>Іздеу жылдамдығын өзгерту үшін қайта-қайта басыңыз. |
| <b>OK</b>        | Таңдауды немесе енгізуді таңдау.                                                                                 |
| <b>BACK</b>      | Алдыңғы дисплей мәзіріне оралу.                                                                                  |
| <b>STOP</b>      | Ойнатуды тоқтату.                                                                                                |
|                  | Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.                                                              |
|                  | Алдыңғы немесе келесі жолға, бөлімге не файлға өткізіп жіберу.                                                   |
| <b>SUBTITLE</b>  | Субтитрдің тілін таңдау.                                                                                         |
| <b>GOTO</b>      | Тақырыпқа, тарауға немесе жолға өту.                                                                             |
| <b>AUDIO</b>     | Тілді немесе арнаны таңдау.                                                                                      |



|                                                                                         |                                                                    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
|           | Суретті ТД экранына қиыстыру.<br>Суретті ұлғайту немесе кішірейту. |
|  KARAOKE | USB жад құрылғысына караоке әндерін жазу.                          |
| REPEAT/REPEAT A-B                                                                       | Қайталап ойнату опциясын таңдау.                                   |

## Бейне опциялары

Бейне ойнатылып жатқанда, төмендегі параметрлерге қол жеткізу үшін  **OPTIONS** түймесін басыңыз.

- **[Info]:** ағымдағы ойнату туралы ақпаратты көрсету.
- **[PBC]:** VCD және SVCD үшін мазмұн мәзірін көрсету немесе өткізіп жіберу.
- **[Aspect ratio]:** ТД экранына сай суретті көрсету пішімін таңдау.
- **[Volume]:** дыбыс деңгейін өзгерту.
- **[Angle]:** бейнені көру камера бұрышын таңдау.
- **[Microphone]:** микрофонның дыбыс шығысын қосу немесе өшіру.
- **[Karaoke]:** микрофон кірісінің дыбыс деңгейін және жаңғырық деңгейін, әрі музыканың үндестілік деңгейін өзгерту.
- **[Vocal]:** караоке дыбыс режимін таңдау немесе түпнұсқа дауыстарды өшіру.

## Музыкалық слайдшоуды ойнату

Музыкалық слайд-шоу жасау үшін музыка мен суреттерді бір мезгілде ойнатыңыз.

- 1 Дискіден немесе қосылған USB жад құрылғысынан музыка файлын ойнатыңыз.
- 2 Сурет файлдарына өту үшін  түймесін басыңыз.

- 3 Бір дискідегі немесе USB құрылғысындағы суретті таңдап, слайдшоуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Слайдшоуды тоқтату үшін  түймесін басыңыз.
- 5 Музыканы ойнатуды тоқтату үшін  түймесін қайта басыңыз.

## Фотосуреттерді қарауды басқару

Фотосурет слайдшоуы кезінде қарауды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

| Түйме                                                                                            | Әрекет                                                                                                                                                                                                      |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 | Суретті көлденеңінен/ тігінен бұру.                                                                                                                                                                         |
|                 | Суретті сағат тіліне кері/ сағат тілімен бұру.                                                                                                                                                              |
|  <b>OPTIONS</b> | Суретті түсті немесе ақ-қара етіп көрсету мақсатында <b>[Color]</b> параметрін таңдауға қол жеткізу.<br>Суреттерді нобай түрінде көрсету мақсатында <b>[Photo preview]</b> параметрін таңдауға қол жеткізу. |
|                 | Фотосуретті ұлғайту немесе кішірейту.<br>Масштабтау режиміндегі ойнату кідірістері.                                                                                                                         |
| <b>OK</b>                                                                                        | Ойнатуды бастау немесе жалғастыру.                                                                                                                                                                          |
|               | Ойнатуды тоқтату.                                                                                                                                                                                           |

## Қайталап ойнату

Ойнату кезінде қайталап ойнату параметрін таңдау үшін **REPEAT/REPEAT A-B** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- Ағымдағы тақырыпты, тарауды немесе жолды қайталау.

- Дискідегі немесе USB жад құрылғысындағы бүкіл мазмұнды қайталау.
- Белгілі бір бөлімді қайталап ойнату.

#### Белгілі бір бөлімді қайталап ойнату

- 1 REPEAT/REPEAT A-B** түймесін қайта-қайта басып, бастау нүктесі ретінде **↔A** параметрін таңдаңыз.
- 2 REPEAT/REPEAT A-B** түймесін қайта басып, аяқтау нүктесі ретінде **↔AB** параметрін таңдаңыз.  
↳ Белгіленген бөлімді қайталап ойнату басталады.
- 3** Қайталап ойнатуды болдырмау үшін **REPEAT/REPEAT A-B** түймесін **[Off]** көрсетілгенше басыңыз.

#### Ескертпе

- Белгіленген бөлімді қайталап ойнату тек тақырып немесе жол ішінде мүмкін.

## Өткізіп жіберіп ойнату

Өткізіп жіберіп, белгілі бір тақырыпты, тарауды немесе жолды ойнатуға болады.

- 1** Ойнату кезінде **GOTO** түймесін басыңыз.  
↳ Енгізу өрісінің жолағы көрсетіліп, «0» жыпылықтайды.
- 2** Тақырып, тарау немесе жол нөмірі ретінде санды таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
- 3** Сан таңдалғаннан кейін санның орнын өзгерту үшін **◀◀/▶▶** түймесін басыңыз.
- 4** Қажет болса, 2 және 3-қадамдарын қайталап, тақырып, тарау немесе жол нөмірін енгізуді аяқтаңыз.
- 5 OK** түймесін басыңыз.  
↳ Ойнату таңдалған тақырыпқа, тарауға немесе жолға өтеді.

## DivX бейнелері

DivX бейнелерін дискіден немесе USB жад құрылғысынан ойнатуға болады.

#### DivX үшін VOD коды

- DivX бейнелерін сатып алу және осы ойнатқышта ойнату алдында, vod.divx.com сайтына өтіп, DivX VOD кодын пайдаланып осы ойнатқышты тіркеңіз.
- DivX VOD кодын көрсету: **⬆** түймесін басып, **[Setup] > [General] > [DivX(R) VOD Code]** тармағын таңдаңыз.

#### DivX субтитрлері

- Тілді таңдау үшін **SUBTITLE** түймесін басыңыз.
- Егер субтитрлер дұрыс көрсетілмесе, DivX субтитрлерін қолдайтын таңбалар жиынына ауысыңыз. Таңбалар жиынын таңдау: **⬆** түймесін басып, **[Setup] > [Preference] > [DivX Subtitle]** тармағын таңдаңыз.

| Таңбалар жиыны          | Тілдер                                                                                                                     |
|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>[Standard]</b>       | Ағылшын, албан, дат, нидерланд, фин, француз, гэль, неміс, итальян, күрд (латын), норвег, португал, испан, швед және түрік |
| <b>[Central Europe]</b> | Албан, хорват, чех, нидерланд, ағылшын, неміс, венгр, ирланд, поляк, румын, словак, словен және серб                       |
| <b>[Cyrillic]</b>       | Болгар, белорус, ағылшын, македон, молдаван, ресей, серб және украин                                                       |



## Ескертпе

- USB жад құрылғысынан DivX DRM қорғалған файлдарды ойнату үшін осы ойнатқышты теледидарға HDMI арқылы жалғаныз.
- Субтитрлерді пайдалану үшін субтитр файлының атауы DivX бейне файлының атауымен бірдей екенін тексеріңіз. Мысалы, DivX бейне файлының атауы «movie.avi» болса, субтитр файлын «movie.srt» немесе «movie.sub» ретінде сақтаңыз.
- Бұл ойнатқыш келесі пішімдердегі субтитр файлдарын ойната алады: .srt, .sub, .txt, .ssa және .smi.

## Ықшам дискіден USB құрылғысына дыбыстық файлдарды жазу

Дыбыстық ықшам дискіден дыбыстық файлдарды USB жад құрылғысына жазуға болады. Дыбыстық файлдар .mp3 пішімінде жазылады.

- 1 USB жад құрылғысын осы ойнатқышқа қосыңыз.
- 2 Дискіні салсаңыз, дискі ойнатыла бастайды.
- 3 түймесін басып, [Create MP3 (MP3 жасау)] пәрменін таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
- 4 Жазуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.  
 Бүкіл жазылған MP3 файлдарын сақтау үшін USB жад құрылғысында жаңа қалта автоматты түрде жасалады.



## Ескертпе

- Жазу кезінде ешбір түймені баспаңыз.
- DTS ықшам дискілерін және көшіруден қорғалған ықшам дискілерді түрлендіру мүмкін емес.
- Жазудан қорғалған немесе құпия сөзбен қорғалған USB құрылғыларын MP3 файлдарын сақтау үшін пайдалану мүмкін емес.

## Караоке

- 1 Микрофонды (жинақпен берілмейді) осы ойнатқыштағы **MIC** ұяшығына жалғаныз.
- 2 Басты мәзірді көрсету үшін түймесін басыңыз.
- 3 **[Караоке]** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  
 Караоке мәзірі көрсетіледі.
- 4 **[Microphone] > [On]** тармағын таңдап, микрофонның дыбыс шығысын қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Дискіні ойнатыңыз да, микрофон арқылы ән айтыңыз.

Караоке параметрлерін караоке мәзірі арқылы орнату

- **[Microphone]**: микрофонның дыбыс шығысын қосу немесе өшіру.
- **[Mic Volume]**: микрофонның дыбыс деңгейін өзгерту.
- **[Echo]**: жаңғырық деңгейін өзгерту.
- **[Karaoke Scoring]**: әнге баға беру үшін қиындық деңгейін таңдау. Ән аяқталғаннан кейін баға беріледі.
- **[Karaoke Idol]**: достармен караоке жарысын өткізу. Жарысты бастау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **[Key Shift]**: музыканың үндестілік деңгейін өзгерту.
- **[Vocal]**: караоке дыбыс режимін таңдау немесе түпнұсқа дауыстарды өшіру.

## Әндерді жазу

USB жад құрылғысына жеке әндерді жазуға болады. Жазылған әндер .MP3 файлдары ретінде сақталады.

- 1 USB жад құрылғысын салыңыз.
- 2 **KARAOKE** түймесін басыңыз.
- 3 Экрандағы нұсқауларды орындап параметрлерді орнатып, жазуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.  
 Жазу әннің соңында тоқтайды.

- Жазудан шығу үшін **KARAOKE** түймесін қайтадан басыңыз.



#### Ескертпе

- USB жад құрылғысында жеткілікті жад қалғанын тексеріңіз.
- DTS дискілерін немесе көшіруден қорғалған дискілерді жазу мүмкін емес.

## Philips EasyLink режимін пайдалану

Бұл ойнатқышта HDMI CEC (Тұтынушылардың электрондық бақылауы) протоколын пайдаланатын Philips EasyLink мүмкіндігі бар. HDMI арқылы жалғанған EasyLink үйлесімді құрылғыларды басқару үшін бір қашықтан басқару құралын пайдалануға болады. Philips компаниясы HDMI CEC құрылғыларымен үйлесімді болуына 100% кепілдік бермейді.

**1** HDMI CEC үйлесімді құрылғыларды HDMI арқылы жалғап, теледидарда және басқа жалғанған құрылғыларда HDMI CEC әрекеттерін қосыңыз (мәліметтер алу үшін теледидардың немесе басқа құрылғылардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

**2** **↶** түймесін басыңыз.

**3** **[Setup]** > **[Video]** > **[HDMI Setup]** > **[EasyLink Setup]** тармағын таңдаңыз.

**4** **[EasyLink]**, **[One Touch Play]** және **[One Touch Standby]** опциялары астында **[On]** опциясын таңдаңыз.

→ EasyLink функциясы қосылады.

### Бір тұртумен ойнату




Осы ойнатқышта дискіні ойнатқанда, теледидар дұрыс бейне кірісі көзіне автоматты түрде ауысады.

### Бір тұртумен күту режиміне өткізу

Жалғанған құрылғы (мысалы, ТД) өзінің қашықтан басқару құралымен күту режиміне енгізілгенде, бұл ойнатқыш күту режиміне автоматты түрде енгізіледі.

## 3 Параметрлерді өзгерту

Бұл бөлім осы ойнатқыштың параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.



|                   |                  |                |
|-------------------|------------------|----------------|
| <b>General</b>    | Disc Lock        | • Unlock       |
|                   | OSD Language     | • Auto (eng)   |
|                   | Sleep Timer      | • Off          |
| <b>Video</b>      | Auto Standby     | • On           |
| <b>Audio</b>      | DinX(R) VOD Code | • Registration |
| <b>Preference</b> |                  |                |



#### Ескертпе

- Сұр түске боялған мәзір опциясын өзгерту мүмкін емес.
- [Preference]** қол жеткізу үшін дискіні ойнатуды тоқтатыңыз.
- Алдыңғы мәзірге оралу үшін **↶** түймесін басыңыз. Мәзірден шығу үшін **↷** түймесін басыңыз.

## Жалпы (ұйқы, күту...)

**1** **↶** түймесін басыңыз.

**2** Жалпы параметрлер опцияларына қол жеткізу үшін **[Setup]** > **[General]** тармағын таңдаңыз.

- [Disc Lock]:** дискіні ойнатуды құлыптау немесе құлып ашу. Құлыпталған дискіні ойнату үшін құпия сөзді енгізу керек: санды енгізу үшін **▲ ▼** түймесін басыңыз және санның орнын өзгерту үшін **◀▶** / **▶▶** түймесін басыңыз. Әдепкі құпия сөз — «136900».
- [OSD Language]:** экрандық мәзір үшін тілді таңдау.

- **[Sleep Timer]:** осы ойнатқыш ойнатудан күту режиміне автоматты түрде ауысатын уақыт аралығын орнату.
- **[Auto Standby]:** авто күту режимін қосу немесе өшіру. Қосылған болса, бұл ойнатқыш 15 минут енжарлықтан кейін күту режиміне автоматты түрде ауысады (мысалы, кідірту немесе тоқтату режимінде).
- **[DivX(R) VOD Code]:** DivX® тіркеу кодын және тіркеуден шығару кодын көрсету.

егжей-тегжейлері көбірек жарқын кескіндерді жасау.

- **[Wide Screen]:** кең экранды бейнелер үшін көрсету пішімін таңдау.
- **[EasyLink Setup]:** Мәліметтер алу үшін «DVD ойнатқышын пайдалану» > «Philips EasyLink мүмкіндігін пайдалану» бөлімін қараңыз.



#### Ескертпе

- Прогрессивті жайма суреттеріне жету үшін ТД прогрессивті жайма мүмкіндігін қолдайтынын және ТД осы ойнатқышқа **Y/Pb/Pr** қосқыштары арқылы қосылғанын тексеріңіз.

## Сурет

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 Бейне параметрлері опцияларына қол жеткізу үшін **[Setup]** > **[Video]** тармағын таңдаңыз.
  - **[TV System]:** теледидарға сәйкес келетін ТД жүйесін таңдаңыз. Әдепкіде, бұл параметр сіздің елдегі жиі кездесетін теледидарларға сәйкес келеді.
  - **[Aspect ratio]:** ТД экранына сай суретті көрсету пішімін таңдаңыз.
  - **[Progressive]:** прогрессивті жайма режимін қосу немесе өшіру. Осы ойнатқышқа прогрессивті жаймасы бар ТД қосылған болса, прогрессивті жайма режимін қосыңыз.
  - **[Picture Setting]:** алдын ала анықталған түс параметрін таңдау немесе параметрді бейімдеу.
  - **[HD JPEG]:** HDMI байланысы арқылы анықтығы жоғары суреттерді көру үшін осы мүмкіндікті қосу.
  - **[HDMI Setup]:** HDMI байланысы үшін орнату.
    - **[Resolution]:** анықтығы жоғары бейнелер үшін ажыратымдылықты таңдау.
    - **[HDMI Deep Color]:** бейне мазмұн терең түспен жазылғанда және ТД осы мүмкіндікті қолдағанда, түс

## Дыбыс

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 Дыбыс параметрлері опцияларына қол жеткізу үшін **[Setup]** > **[Audio]** тармағын таңдаңыз.
  - **[Analogue Output]:** осы ойнатқыш **AUDIO OUT L/R** қосқыштары арқылы қосылғанда дыбыс шығысы үшін дыбыс пішімін таңдаңыз.
  - **[Digital Audio]:** осы ойнатқыш **COAXIAL** қосқышы арқылы қосылғанда дыбыс шығысы үшін дыбыс пішімін таңдаңыз.
    - **[Digital Output]:** сандық шығыс түрін таңдау: **[Off]** - сандық шығысты өшіру; **[All]** - көп арналы дыбыс пішімдерін қолдау; **[PCM Only]** - арналар санын екі арналы дыбыс сигналына азайту.
    - **[LPCM Output]:** LPCM (сызықтық импульстық код модуляциясы) шығысының дискретизация жиілігі. Іріктеу жиілігі неғұрлым жоғары болса, дыбыс сапасы соғұрлым жақсы болады. **[LPCM Output]** тек **[PCM Only]** параметрі **[Digital Output]** астында таңдалғанда ғана қосылады.

- **[HDMI Audio]:** HDMI қосылымы арқылы дыбыс шығысын қосу немесе өшіру.
- **[Audio Sync]:** дыбыс шығысының кідіріс уақытын бейнені ойнатуға сәйкес келетін етіп орнату.
- **[Volume]:** дыбыс деңгейін өзгерту.
- **[Sound Mode]:** алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау.
- **[Night Mode]:** тыныш немесе толық динамикалық дыбысты таңдау. Түнгі режим қатты дыбыстың дыбыс деңгейін төмендетеді және жай дыбыстың (мысалы, сөйлеген сөздердің) дыбыс деңгейін арттырады.
- **[Password]:** шектелген дискіні ойнату үшін құпия сөзді орнату немесе өзгерту. Сізде құпия сөз болмаса немесе құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, «136900» санын енгізіңіз.
- **[DivX Subtitle]:** DivX бейнесінің субтитрлерін қолдайтын таңбалар жиынын таңдау.
- **[Version Info]:** осы ойнатқыштың бағдарлама нұсқасын көрсету.
- **[Default]: [Disc Lock], [Parental Control]** және **[Password]** параметрлерінен басқа бүкіл параметрлердің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіру.

#### Ескертпе

- Түнгі режимді тек Dolby технологиясымен кодталған DVD дискілерінде қолдануға болады.

#### Ескертпе

- Егер диск тілі, дыбысы немесе субтитрі үшін таңдаулы тіл қол жетімді болмаса, мәзір опциялары ішінен **[Others]** опциясын таңдап, осы пайдаланушы нұсқаулығының артында табуға болатын 4 санды тіл кодын енгізуге болады.
- Рейтинг деңгейлері елге байланысты. Бүкіл дискілерді ойнатуға рұқсат ету үшін **[8 Adult]** опциясын таңдаңыз.

## Параметрлер (тілдер, ата-ана бақылауы...)

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 Жалпы параметрлер опцияларына қол жеткізу үшін **[Setup] > [Preference]** тармағын таңдаңыз.
  - **[Audio]:** бейне үшін дыбыс тілін таңдау.
  - **[Subtitle]:** бейне үшін субтитр тілін таңдау.
  - **[Disc Menu]:** бейне дискі үшін мәзір тілін таңдау.
  - **[Parental Control]:** жас рейтингтерімен жазылған дискілерге қатынасты шектеу. Шектеу опцияларына қол жеткізу үшін «136900» санын енгізіңіз: құпия сөз өрісі бөлектелгенде, енгізу кезеңіне кіру үшін **OK** түймесін басыңыз, санды таңдау үшін **▲ ▼** түймесін басыңыз және санның орнын өзгерту үшін **◀▶** түймесін басыңыз.
  - **[PBC]:** VCD және SVCD үшін мазмұн мәзірін көрсету немесе өткізіп жіберу.

## 4 Бағдарламалық құралды жаңарту

### Ескертпе

- Бағдарламаны жаңарту кезінде қуатпен қамту үзілмеуі керек.

Жаңартуларды тексеру үшін ағымдағы бағдарламалық құрал нұсқасын Philips веб-сайтындағы соңғы бағдарламалық құрал нұсқасымен (егер болса) салыстырыңыз.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup] > [Preference] > [Version Info]** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Үлгі атауын және бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірін жазып алыңыз.
- 4 Үлгі атауын және бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірін пайдаланып соңғы бағдарламалық құрал нұсқасын тексеру үшін [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) бетіне кіріңіз.
- 5 Бағдарламалық құралды жаңартуды орындау үшін веб-сайтта берілген жаңарту нұсқауларын қараңыз.

## 5 Ерекшеліктер

### Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

### Аймақ коды

Бұл ойнатқыш келесі аймақ коды бар дискілерді ойната алады.

| DVD аймақтық коды                                                                 | Елдер |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------|
|  | Ресей |

### Ойнатылатын медиа

- DVD, DVD-Video, VCD, SVCD, Audio CD
- DVD+R/+RW, DVD-R/-RW, DVD+R/-R DL (Dual Layer), CD-R/-RW (ең көбі 200 қалта және 9999 файл)
- USB сақтау құрылғысы

### Файл пішімі

- Бейне: avi, .divx, .xvid
- Дыбыс: .mp3, .wma
- Сурет: .jpg, .jpeg

### USB

- Үйлесімділік: Hi-Speed USB (2.0)
- Сынып қолдауы: USB Mass Storage Class
- Файлдық жүйе: FAT16, FAT32, NTFS
- Альбомдардың/қалталардың ең көп саны: 200
- Жолдардың/тақырыптардың ең көп саны: 9999
- USB порты: 5B  $\equiv$ , 500mA
- USB HDD (қатты дискіні) қолдайды: сыртқы қуат көзі қажет болуы мүмкін

### Бейне

- Сигнал жүйесі: PAL, NTSC, Multi
- Құрама бейне шығысы: 1 Vp-p (75 Ом)
- Құрама бейне шығысы: 0.7 Vp-p (75 Ом)
- HDMI шығысы: 480i, 480p, 576i, 576p, 720p, 1080i, 1080p, Auto

### Дыбыс

- 2 арналы аналогтық шығыс

- Дыбыс, алдыңғы C&O : 2 Vrms (47k Ом)
- Сандық шығыс: 0.5 Vp-p (75 Ом)
  - Коаксиалды кабель
- HDMI шығысы
- Іріктеу жиілігі
  - MP3: 22,05 кГц, 24 кГц, 32 кГц, 44,1 кГц 48 кГц
  - WMA: 44,1 кГц, 48 кГц
- Тұрақты сандық ағын:
  - MP3: 8 Кб/сек - 320 Кб/сек
  - WMA: 64 Кб/сек - 192 Кб/сек

#### Негізгі бөлік

- Өлшемдер (Е x Б x Д):  
310 x 39.5 x 210 (мм)
- Таза салмағы: 1,0 кг

#### Электр қуаты

- Қуатпен қамту көрсеткіші: айнымалы ток 230В~, 50 Гц
- Қуатты тұтыну: 11 Вт
- Күту режимінде қуатты тұтыну: < 0,5 Вт

#### Қамтамасыз етілген қосалқы құралдар

- Қашықтан басқару құралы және бір батарея
- Дыбыстық/бейне кабельдер
- Пайдаланушы нұсқаулығы

#### Лазер сипаттамасы

- Түрі: жартылай өткізгішті лазер InGaAlP (DVD), AlGaAs (CD)
- Толқын ұзындығы: 658 нм (DVD), 790 нм (CD)
- Шығыс қуат: 7,0 мВт (DVD), 10,0 мВт (VCD/CD)
- Толқынның шашырауы: 60 градус

## 6 Ақаулықтарды жою



#### Абайлаңыз

- Ток соғу қаупі. Ойнатқыштың корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін ойнатқышты ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Егер осы ойнатқышты пайдалануда мәселелер бар болса, қызметті сұрау алдында мыналарды тексеріңіз. Егер мәселе әлі бар болса, ойнатқышты [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) бетінде тіркеңіз және қолдау алыңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы ойнатқыштың үлгісі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі ойнатқыштың артқы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмір \_\_\_\_\_

#### Сурет жоқ.

- Дұрыс бейне кірісі арнасын таңдау үшін ТД пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Егер прогрессивті жайманы қоссаңыз немесе ТД жүйесінің параметрін өзгертсеңіз, әдепкі параметрге қайта ауысыңыз: 1) диск бөлімін ашу үшін ▲ түймесін басыңыз. 2) **DISC MENU** (прогрессивті жайма үшін) немесе **SUBTITLE** (ТД жүйесі үшін) түймесін басыңыз.

#### HDMI байланысында сурет жоқ.

- Бұл ойнатқыш рұқсат етілмеген көрсету құрылғысына қосылса, дыбыс/бейне сигналы шығарылмайды.
- HDMI кабелі ауқалы болса, оны жаңа HDMI кабелімен ауыстырыңыз.
- Егер HDMI бейне ажыратымдылығының параметрін өзгертсеңіз, оның әдепкі режиміне ауысыңыз.



**Теледидардан дыбыс шығарылмайды.**

- Осы ойнатқыш пен ТД арасында дыбыстық кабельдер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

**DivX бейнесін ойнату кезінде дыбыс естілмейді.**

- Дыбыс кодтарына қолдау көрсетілмейді.

**HDMI байланысында дыбыс жоқ.**

- Қосылған құрылғы HDCP технологиясымен үйлесімді болмаса немесе тек DVI технологиясымен үйлесімді болса, HDMI шығысынан дыбыс естілмейді.
- **[HDMI Audio]** параметрі **[On]** деп орнатылғанын тексеріңіз.

**Қосылған сыртқы құрылғының (мысалы, стерео жүйе, зорайтқыш қабылдағышы) үндеткіштерінен дыбыс шықпайды.**

- Дыбыстық кабельдер немесе коаксиалды кабель дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Сыртқы дыбыстық құрылғыны дұрыс дыбыс кіріс көзіне ауыстырыңыз.

**Дискіні ойнату мүмкін емес.**

- Бұл ойнатқыш дискіні қолдайтынын тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» > «Ойнатуға болатын мультимедиа»).
- Жазылған дискіге жазу аяқталғанын тексеріңіз.

**USB жад құрылғысын оқу мүмкін емес.**

- USB жад құрылғысының пішімі осы ойнатқышпен үйлесімді екенін тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» > «USB» бөлімін қараңыз).
- Осы ойнатқыш USB жад құрылғысындағы файлдық жүйені қолдайтынын тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» > «USB» бөлімін қараңыз).

**Файлдарды көрсету немесе оқу мүмкін емес.**

- Бұл ойнатқыш осы файлдарды қолдайтынын тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» > «Файл пішімі» бөлімін қараңыз).
- Файлдардың немесе қалталардың саны осы ойнатқыш үшін қолдау көрсетілетін шектен аспайтынын тексеріңіз (ең көбі 200 қалта немесе 9999 файл).

- Егер қалталардың ең көп саны 200-ден асса, 200 қалтадан тыс кез келген қалтадағы файлдарды ең көп файлдар саны шеңберіндегі мультимедиада сақталған жалпы файлдар санына қарамастан оқу мүмкін болмайды.

**DivX бейне файлдарын ойнату мүмкін емес.**

- DivX бейне файлы толық екенін тексеріңіз.
- Файл кеңейтімі дұрыс екенін тексеріңіз.
- USB жад құрылғысынан DivX DRM қорғалған файлдарды ойнату үшін осы ойнатқышты теледидарға HDMI арқылы жалғаңыз.

**DivX субтитрлері дұрыс көрсетілмейді.**

- Субтитр файлының атауы DivX бейне файлының атауымен бірдей екенін тексеріңіз.
- Субтитр файлының кеңейтім атауына осы ойнатқыш қолдау көрсететінін тексеріңіз (.srt, .sub, .txt, .ssa немесе .smi).
- Субтитрлерді қолдайтын таңбалар жиынын таңдаңыз («DVD ойнатқышын пайдалану» > «DivX бейнелері» бөлімін қараңыз).

**EasyLink мүмкіндігі жұмыс істемейді.**

- Осы ойнатқыш Philips бренді бар EasyLink теледидарына қосылғанын және EasyLink опциясы қосылғанын («DVD ойнатқышын пайдалану» > «Philips EasyLink мүмкіндігін пайдалану» бөлімін қараңыз).

# 7 Қауіпсіздік және маңызды хабарлама

Осы DVD ойнатқышын пайдалану алдында бүкіл нұсқауларды оқып, түсініңіз. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

---

## Қауіпсіздік

### Ток соғу қаупі бар!

- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге немесе оның ішіне сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдалану алдында тексеріп алу үшін, Philips компаниясының тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Аша немесе құралды жалғағыш ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйде болуы керек.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

### Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Өнімді қуат көзіне жалғамай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Қуат ашаларына қысым түсірмеңіз. Бос тағылған қуат розеткасы күйге немесе өртке себеп болуы мүмкін.

### Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Лазерлік сәулеленудің әсерін болдырмау үшін бөлшектемеңіз.
- Диск бөлімінің ішіндегі оптикалық линзаларға тимеңіз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.

### Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделермен немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

### Ластану қаупі!

- Батареялардың заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар бар. Оларды дұрыс лақтыру керек.

### Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Бұйымда/қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тиынға ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз!



Аймағыңыздағы қайта өңдеу орталығы туралы қосымша ақпарат алу үшін [www.recycle.philips.com](http://www.recycle.philips.com) сайтына кіріңіз.

## Сәйкестік



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



## Авторлық құқықтары



Be responsible  
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.

## Өнім күтімі

- Диск бөлігіне дискіден өзге ешнәрсе салуға болмайды.
- Диск бөлігіне майысқан немесе жарылған дискілерді салуға болмайды.
- Егер өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, дискілерді диск бөлігінен алып тастаңыз.
- Өнімді тек микроталшықты шүберектермен тазалаңыз.

## Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Өнімді еш уақытта басқа тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің және батареялардың бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Батареяларды қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады. Өнім кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареяларды қамтиды. Батареяларды бөлек жинау туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Батареяларды қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.

## Сауда белгілері



DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® дегеніміз Rovi корпорациясының филиалы DivX ЖШС жасаған сандық бейне пішімі болып табылады. Бұл — DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Файлдарды DivX бейнелеріне түрлендіру үшін divx.com сайтына кіріңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Бұл DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі керек. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінде DivX VOD бөлімінің орнын анықтаңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық ақпарат үшін vod.divx.com сайтына өтіңіз.

DivX®, DivX Ultra®, DivX Certified® және оларға байланысты логотиптер Rovi корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Кеңейтілген мүмкіндіктері және жоғары сапалы мазмұн бар DivX® бейнелерін ойнатуға DivX Ultra® қуәландырған.



HDMI, HDMI logo және High-Definition Multimedia Interface — сауда белгілері немесе HDMI licensing LLC компаниясының Америка Құрама Штаттарында және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған.

«Dolby» және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories сауда белгілері болып табылады.



'DVD Video' DVD Format/Logo Licensing корпорациясының сауда белгісі болып табылады.

## Language Code

|                             |      |
|-----------------------------|------|
| Abkhazian                   | 6566 |
| Afar                        | 6565 |
| Afrikaans                   | 6570 |
| Amharic                     | 6577 |
| Arabic                      | 6582 |
| Armenian                    | 7289 |
| Assamese                    | 6583 |
| Avestan                     | 6569 |
| Aymara                      | 6589 |
| Azerbaidjani                | 6590 |
| Bahasa Melayu               | 7783 |
| Bashkir                     | 6665 |
| Belarusian                  | 6669 |
| Bengali                     | 6678 |
| Bihari                      | 6672 |
| Bislama                     | 6673 |
| Bokmål, Norwegian           | 7866 |
| Bosanski                    | 6683 |
| Brezhoneg                   | 6682 |
| Bulgarian                   | 6671 |
| Burmese                     | 7789 |
| Castellano, Español         | 6983 |
| Catalán                     | 6765 |
| Chamorro                    | 6772 |
| Chechen                     | 6769 |
| Chewa; Chichewa; Nyanja     | 7889 |
| 中文                          | 9072 |
| Chuang; Zhuang              | 9065 |
| Church Slav; Slavonic       | 6785 |
| Chuvash                     | 6786 |
| Corsican                    | 6779 |
| Česky                       | 6783 |
| Dansk                       | 6865 |
| Deutsch                     | 6869 |
| Dzongkha                    | 6890 |
| English                     | 6978 |
| Esperanto                   | 6979 |
| Estonian                    | 6984 |
| Euskara                     | 6985 |
| Ελληνικά                    | 6976 |
| Faroese                     | 7079 |
| Français                    | 7082 |
| Frysk                       | 7089 |
| Fijian                      | 7074 |
| Gaelic; Scottish Gaelic     | 7168 |
| Gallegan                    | 7176 |
| Georgian                    | 7565 |
| Gikuyu; Kikuyu              | 7573 |
| Guarani                     | 7178 |
| Gujarati                    | 7185 |
| Hausa                       | 7265 |
| Herero                      | 7290 |
| Hindi                       | 7273 |
| Hiri Motu                   | 7279 |
| Hrwatski                    | 6779 |
| Ido                         | 7379 |
| Interlingua (International) | 7365 |
| Interlingue                 | 7365 |
| Inuktitut                   | 7385 |

|                             |      |
|-----------------------------|------|
| Inupiaq                     | 7375 |
| Irish                       | 7165 |
| Íslenska                    | 7383 |
| Italiano                    | 7384 |
| Ivrit                       | 7269 |
| Japanese                    | 7465 |
| Javanese                    | 7486 |
| Kalaallisut                 | 7576 |
| Kannada                     | 7578 |
| Kashmiri                    | 7583 |
| Kazakh                      | 7575 |
| Kernewek                    | 7587 |
| Khmer                       | 7577 |
| Kinyarwanda                 | 8287 |
| Kinghiz                     | 7589 |
| Komi                        | 7586 |
| Korean                      | 7579 |
| Kuanyama; Kwanyama          | 7574 |
| Kurdish                     | 7585 |
| Lao                         | 7679 |
| Latina                      | 7665 |
| Latvian                     | 7686 |
| Letzeburgesch;              | 7666 |
| Limburi; Limburger          | 7673 |
| Lingala                     | 7678 |
| Lithuanian                  | 7684 |
| Luxembourgish;              | 7666 |
| Macedonian                  | 7775 |
| Malagasy                    | 7771 |
| Magyar                      | 7285 |
| Malayalam                   | 7776 |
| Maltese                     | 7784 |
| Manx                        | 7186 |
| Maori                       | 7773 |
| Marathi                     | 7782 |
| Marshallese                 | 7772 |
| Moldavian                   | 7779 |
| Mongolian                   | 7778 |
| Nauru                       | 7865 |
| Navaho; Navajo              | 7886 |
| Ndebele, North              | 7868 |
| Ndebele, South              | 7882 |
| Ndonga                      | 7871 |
| Nederlands                  | 7876 |
| Nepali                      | 7869 |
| Norsk                       | 7879 |
| Northern Sami               | 8369 |
| North Ndebele               | 7868 |
| Norwegian Nynorsk;          | 7878 |
| Occitan; Provençal          | 7967 |
| Old Bulgarian; Old Slavonic | 6785 |
| Oriya                       | 7982 |
| Oromo                       | 7977 |
| Ossetian; Ossetic           | 7983 |
| Pali                        | 8073 |
| Panjabi                     | 8065 |
| Persian                     | 7065 |
| Polski                      | 8076 |
| Português                   | 8084 |

|                       |      |
|-----------------------|------|
| Pushto                | 8083 |
| Russian               | 8285 |
| Quechua               | 8185 |
| Raeto-Romance         | 8277 |
| Romanian              | 8279 |
| Rundi                 | 8278 |
| Samoan                | 8377 |
| Sango                 | 8371 |
| Sanskrit              | 8365 |
| Sardinian             | 8367 |
| Serbian               | 8382 |
| Shona                 | 8378 |
| Shqip                 | 8381 |
| Sindhi                | 8368 |
| Sinhalese             | 8373 |
| Slovensky             | 8373 |
| Slovenian             | 8376 |
| Somali                | 8379 |
| Sotho; Southern       | 8384 |
| South Ndebele         | 7882 |
| Sundanese             | 8385 |
| Suomi                 | 7073 |
| Swahili               | 8387 |
| Swati                 | 8383 |
| Svenska               | 8386 |
| agalog                | 8476 |
| a hitian              | 8489 |
| a jik                 | 8471 |
| a mil                 | 8465 |
| atar                  | 8484 |
| elugu                 | 8469 |
| hai                   | 8472 |
| ibetan                | 6679 |
| igrin ya              | 8473 |
| o nga ( onga Islands) | 8479 |
| songa                 | 8483 |
| swana                 | 8478 |
| rkçe                  | 8482 |
| urkmen                | 8475 |
| w i                   | 8487 |
| ighur                 | 8571 |
| krainian              | 8575 |
| r du                  | 8582 |
| zbek                  | 8590 |
| ietnamese             | 8673 |
| o lapuk               | 8679 |
| a lloon               | 8765 |
| elsh                  | 6789 |
| o lof                 | 8779 |
| hosa                  | 8872 |
| iddish                | 8973 |
| oruba                 | 8979 |
| Zulu                  | 9085 |



Specifications are subject to change without notice  
© 2015 Koninklijke Philips N.V. All rights reserved.  
Trademarks are the property of Koninklijke Philips N.V. or their respective owners.

DVP3680K\_51\_UM\_V4.0

